КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 қазан №7119-23-00-2/12051 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Ali-Pack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 04 қаңтарда «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – КЕАҚ) мен «Ali-Pack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №16 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес ЖШС өнім беруші ретінде 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 603 680 теңге жеделдетілген курьерлік пошталық байланыс бойынша қызметтерді көрсетуге, ал КЕАҚ тапсырыс беруші ретінде қызметтерді қабылдап отыруға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес қызметтерді көрсетуге бас тартқан.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 30.10.2023
Дата вступления в законную силу: 07.12.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 07.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 04 қаңтарда тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай қызметтер көрсету мерзімі 2023 жылдың 31 қыркүйек.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны және оларды орындаудан бас тартқаны туралы көрсетілген.

Осыған орай, қазіргі уақытта тараптар арасындағы шарт бұзылды.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер «Ali-Pack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Ali-Pack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Ali-Pack» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 30.10.2023

Дата вступления в законную силу: 07.12.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 07.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 30.10.2023

Дата вступления в законную силу: 07.12.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 07.12.2023

7119-23-3-1/12011